

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін
Ректор  Д.Б. Досманбетов
Ғылыми Кеңестің шешімі
(№ 1 хаттама, « 31 » 08 2023 жыл)

Қызылорда «Болашақ»
университетінің Қамқоршылық кеңесі туралы Ереже

Қызылорда, 2023 жыл

Терминдер мен қысқартулар

Қамқоршылар – қамқоршылық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

Қамқоршылық – білім беру жүйесін дамытуды қолдаумен байланысты әлеуметтік белсенділік саласы.

Қамқоршылық кеңес – білім беру ұйымының алқалы басқару органы.

Ереже – Қамқоршылық кеңестің құрылу тәртібін, құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және жұмысын ұйымдастыруды, сондай-ақ оның Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылын реттейтін осы Ереже.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Қызылорда «Болашақ» университетінің (бұдан әрі мәтін бойынша – Университет) Жарғысына сәйкес әзірленді және университеттің Қамқоршылық кеңесі (бұдан әрі мәтін бойынша – Қамқоршылық кеңес) қызметінің тәртібін, оның құрамы мен өкілеттіктерін айқындайды.

1.2. Қамқоршылық кеңес университетті дамыту бағдарламаларын іске асыруға жәрдемдесу, университетті дамытудың ағымдағы және перспективалық міндеттерін шешу, оны дамудың басым бағыттары бойынша қызметін қамтамасыз ету және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру үшін қосымша қаржы ресурстарын тарту мақсатында құрылған алқалы орган болып табылады.

1.3. Қамқоршылық кеңес мүшеліктің еріктілігі, мүшелердің теңдігі және жариялылық қағидаттары негізінде әрекет етеді. Қамқоршылық кеңестің жұмысына қатысу ерікті түрде өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

1.4. Қамқоршылық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, университет Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

1.5. Осы Ереже мен оған енгізілген өзгерістерді университеттің Ғылыми кеңесі бекітеді.

2. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

2.1. Қамқоршылық кеңес қызметінің мақсаттары:

- 1) университетті дамытудың ағымдағы және перспективалық міндеттерін шешуге жәрдемдесу;
- 2) университеттің қызметі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қаржы және материалдық қаражаттарды тартуға жәрдемдесу, сондай-ақ, осындай қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға көмектесу;
- 3) университеттің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге жәрдемдесу;
- 4) мүдделі жұмыс берушілер тарапынан түлектердің орындауға тиісті еңбек функцияларына қатысты қойған талаптарын есепке алуды қамтамасыз ету үшін университет іске асыратын білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;
- 5) университеттің даму бағдарламаларының іске асырылуын бақылау.

2.2. 2.1-тармақта көрсетілген мақсаттарды орындау үшін Қамқоршылық кеңес мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

- 1) университет ректорына университетті дамытудың ағымдағы және перспективалық міндеттерін шешу жөнінде ұсыныстар береді;
- 2) білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуға ықпал ететін перспективалық бастамалар мен инновацияларды, жаңа ақпараттық технологияларды іске асыруға бағытталған университеттің қызметі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қаржы және материалдық қаражаттарды тарту бойынша жәрдем көрсетеді, сондай-ақ осындай қаражаттың пайдаланылуына жыл сайынғы бақылауды жүзеге асырады;

- 3) іргелі және қолданбалы ғылыми-техникалық әзірлемелердің дамуына, Университеттегі білім беру және ғылыми процестердің интеграциясына, өнеркәсіптік және ғылыми ұйымдармен кооперацияға ықпал етеді;
- 4) ресейлік және шетелдік білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты дамытуды қоса алғанда, халықаралық ғылыми, техникалық және мәдени ынтымақтастықты орнату және дамыту бойынша жәрдем көрсетеді, оның ішінде университеттің білім беру процесіне және ғылыми жұмысына қатысу үшін шетелдік оқытушылар мен мамандарды шақыруды ұйымдастырады;
- 5) университеттің білім беру, ғылыми және әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілерін салуға, білім беру процесі мен ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажетті жабдықтар мен материалдарды сатып алуға жәрдемдеседі; университет ректорына университеттің материалдық-техникалық базасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар береді;
- 6) университеттің білім алушылары мен қызметкерлерін әлеуметтік қорғауды жүзеге асыруға ықпал етеді;
- 7) университеттің ғылыми, практикалық және өзге де қоғамдық-пайдалы қызметінің нәтижелерін насихаттауды, халық шаруашылығының қажеттіліктеріне жәрдемдесуді және есепке алуды жүзеге асырады;
- 8) университеттің дамуына, білім беру процесін, ғылыми зерттеулерді жетілдіруге, университеттің оқу және ғылыми әлеуетін пайдалана отырып, жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияларды енгізуге жәрдемдеседі;
- 9) университет білім алушыларының практикасын ұйымдастыруға көмек көрсетеді;
- 10) университет түлектерін жұмысқа орналастыруды ұйымдастыруға көмектеседі;
- 11) университеттің білім алушылары мен қызметкерлерін оқыту, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша әлеуметтік қолдауға бағытталған қайырымдылық акцияларын және өзге де іс-шараларды өткізуге қол ұшын береді;
- 12) Университеттің Қамқоршылық кеңесінің қызмет регламентінде белгіленген өзге де өкілеттіктерді іске асырады

3. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Қамқоршылық кеңес университет ректорының өкілеттік мерзіміне құрылады.
- 3.2. Университеттің Қамқоршылық кеңесінің құрамына кәсіпкерлік, қаржы және ғылыми топтардың, жұмыс берушілер бірлестіктерінің, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, Қазақстан Республикасы субъектілерінің атқарушы билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, жеке тұлғалар, оның ішінде университет түлектері кіреді.
- 3.3. Қамқоршылық кеңестің құрамына лауазымы бойынша университет ректоры кіреді.
- 3.4. Қамқоршылық кеңестің құрамына университет қызметкерлері кіруі мүмкін.

3.5. Университеттің Қамқоршылық кеңесінің құрамы бастапқыда университет ректорының ұсынысы бойынша Ғылыми кеңес шешімімен бекітіледі және университет ректорының бұйрығымен жарияланады. Қамқоршылық кеңестің бастапқы құрамы бекітілгеннен кейін қамқоршылық кеңестің құрамына жаңа мүшені енгізу немесе қамқоршылық кеңес мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді ректордың ұсынысы бойынша университеттің Ғылыми кеңесі қабылдайды.

3.6. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өкілеттігі төмендегі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:

- 1) Қамқоршылық кеңес мүшесінің кеңес төрағасы мен университет ректорына жазған өтініші бойынша;
- 2) Қамқоршылық кеңес мүшесінің міндетін бір жыл бойы, оның ішінде денсаулық жағдайы бойынша орындау мүмкін болмаған кезде;
- 3) университет мүдделеріне қайшы іс-әрекет жасаған болса;
- 4) Қамқоршылық кеңес мүшесі қылмыстық жауаптылыққа тартылған жағдайда;
- 5) тиісті мемлекеттік органның немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының, кәсіпкерлік, қаржы және ғылыми топтардың, жұмыс берушілер бірлестіктерінің, қоғамдық бірлестіктердің (тиісті өкілдерге қатысты) ұсынысы бойынша;
- 6) еңбек қатынастары тоқтатылған жағдайда (Қазақстан Республикасы субъектілерінің атқарушы билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдеріне қатысты);
- 7) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілігінің шешімі бойынша.

3.7. Қамқоршылық кеңесті кеңес мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен, мүшелердің арасынан Қамқоршылық кеңестің бірінші отырысында өкілеттік мерзімге сайланатын төраға басқарады.

3.8. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып бір адамның қайта сайлану саны шектелмейді. Қамқоршылық кеңес кез келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы.

3.9. Қамқоршылық кеңестің төрағасы отырыстарды шақырады, оларға төрағалық етеді, хаттама жүргізуді ұйымдастырады. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі, оны Қамқоршылық кеңес мүшелерінің басым көпшілігі дауыс беру арқылы қолдаған кезде орындайды.

3.10. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етуді Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайтын және университет ректоры тағайындайтын Қамқоршылық кеңестің хатшысы жүзеге асырады.

4. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРТІБІ

4.1. Қамқоршылық кеңес мүшелері өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

4.2. Қамқоршылық кеңестің әр мүшесінің бір дауысы болады. Қамқоршылық кеңестің шешімдері Қамқоршылық кеңестің отырысына қатысқан

мүшелердің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

4.3. Қамқоршылық кеңестің отырыстарын төраға өзінің бастамасы бойынша, сондай-ақ кеңестің кез келген мүшесінің, ректордың талабына сәйкес жылына кемінде 1 рет шақырады.

4.4. Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу туралы хабарлама кеңес мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін жеті күннен кешіктірілмей электрондық пошта арқылы не Қамқоршылық кеңестің шешімімен айқындалған өзге де тәсілмен жіберіледі.

4.5. Қамқоршылық кеңестің отырысы бейнеконференциялар, селекторлық кеңестер нысанында немесе сырттай режимде өткізілуі мүмкін. Кеңес мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда, отырыс заңды деп есептеледі. Қамқоршылық кеңестің мүшелері отырыстарға жеке өзі қатысады, бірақ бұл мүмкін болмаған жағдайда, Қамқоршылық кеңестің қарауына жататын мәселелер бойынша өз пікірін жазбаша не кеңес шешімімен айқындалған өзге де тәсілмен Қамқоршылық кеңеске жеткізуге құқылы. Бұл пікір кеңес отырысында жарияланып, шешім қабылдау кезінде ескерілуі керек.

4.6. Қамқоршылық кеңес жекелеген мәселелерді қарау үшін Қамқоршылық кеңес мүшелері мен өзге де адамдар қатарынан комиссияларды, жұмыс топтарын және т.б. құра алады.

4.7. Қамқоршылық кеңестің отырысында қабылданған шешімдер төрағалық етуші қол қоятын хаттамамен рәсімделеді және отырыс хаттамасын хатшы жүргізіп отырады. Хаттама Қамқоршылық кеңестің барлық мүшесіне жіберіледі.

4.8. Қамқоршылық кеңестің шешімдері ұсынымдық және консультациялық сипатта болады.

4.9. Қамқоршылық кеңес қызметінің регламентін университет ректорының ұсынысы бойынша университеттің Ғылыми кеңесі бекітеді.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Қамқоршылық кеңестің қызметін ұйымдастыру мен оны материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету университетке жүктеледі.

5.2. Университет Қамқоршылық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық-техникалық жақтан қамтамасыз етеді, оған орын-жайлар мен ұйымдастыру техникасын, құжаттаманы сақтауға арналған орындар береді.

5.3. Қамқоршылық кеңес отырыстарының хаттамалары және олардың құжаттары тұрақты сақтау мерзімінің құжаттары болып табылады. Қамқоршылық кеңестің хатшысы 5 жыл мерзім ішіндегі отырыс хаттамалары мен олардың құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді, мерзім аяқталғаннан кейін оларды белгіленген тәртіппен университет мұрағатына өткізеді.

5.4. Қамқоршылық кеңесті тарату университеттің Ғылыми кеңесінің бастамасы бойынша да, Қамқоршылық кеңестің шешіміне сәйкес де жүзеге асырылуы мүмкін.